

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019



Әбдіжәміл  
НҰРПЕЙІСОВ:  
"ҚАЗАҚТЫҢ  
ЧЕХОВЫ"  
4-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:  
"ЖАЗУШЫНЫҢ  
ЖҮРЕГІ"  
16-БЕТ

Рахымжан  
ОТАРБАЕВ:  
"БАС" романы  
72-БЕТ

Сүлеймен  
ШАТҒАН:  
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ  
НАЙЗАҒАЙ"  
12-БЕТ

**Рахымжан ОТАРБАЕВ:**

**«Сіздермен қанаттас өмір  
сүргеніме бақыттымын»**

Есмұхан ОБАЕВ,  
 Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнер қайраткері,  
 «Барыс», «Парасат» орденінің иегері,  
 театр режиссері, профессор,

# Досы көп еді



Рахымжан Отарбаев деген есім халыққа жазушы, драматург, қоғам қайраткері, саясаткер ретінде ғана емес, адами болмысымен ертеден таныс. Бір терінің пұшпағын илеп, театрда бірге жүрдік. Алғаш 20 шақты жыл бұрын Астана қаласында кездестік. Бірақ, таныстығымыз Алматыдағы Жазушылар үйінде, жазушылар ортасында бір іссапарларда, жиын-отырыстарда басталды. Рахымжанның жасындағы, сапындағы жігіттер тұлпар мінезді, көңілі ашық, көтеретін проблемасы ұлттың әдебиеті, ұлттың болмысы, ұлттық өнердің өркендеуі болды.

Ол кез Асқар Сүлейменов, Дулат Исабековтердің жаңадан шыққан кезі, Нұрлан Оразалин, Оралхан Бөкей секілді жігіттердің тұсы. Мен Рахымжан Отарбаевпен әдебиеттің бір қырын, жаңа бір пұшпағын ұстап, көкпарға қосылған жігіттер секілді, тұлпар мінезді сері, қарапайым әрі менмен жігітті томағасын сыпырсаң ұша жөнелетін қыранға ұқсататын едім.

Рахымжан досы көп, дұшпаны аз адам болды. Турасын бетіне айтып, сөзбен тіліп



тастайтын. Драматургияға келуі де тегін емес. Драматургияны кесек тақырыптардан, үлкен тұлғалардан, ойлы проблемалардан бастады. Ол кісінің жанынан ешқандай проблемалы дүние көлденең өтпеген. Жанған отты үрлесеніз лаулай түсетіні секілді, Рахаң сондай оттың ортасында жүрді. Ең алғаш екеуміз кездескенде, Бейбарыс сұлтан туралы пьеса жазғанын айтты. Мен тек Байбарыс деген атын білемін, одан басқа тарихтан көп біле бермеймін дедім. Байбарыс па? Бейбарыс па? дегенімде, халық үшін — Бейбарыс, тарихта — Байбарыс деді. Сол пьесаның маңында екеуміз біраз әңгіме құрдық. Маған оқы деді. Мен оқыдым. Содан кейін қойылымның сахналануы жайында әңгіме жүргіздік. Егер әлемді қаратқан сұлтанның ерліктерін қойсақ, тарих сабағы болып кететін еді. Театрда тарих сол қалпында беріледі, бірақ көркемдігі жағынан көрерменді өзіне тартып әкелуі, баурап алуы, тәрбие беруін ойлана келе, бала кездегі көрген зорлық-зомбылығынан, құл боп сатылған кезеңнен үзінді алып, тартыс, күрес, жаугершілік,

қолбасшы, халықты ұйымдастыру қасиетін қосып, халық көретін қасиетті ұғым ретінде елі мен жері, суы мен жусанын қостық. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген сөз бар. Пьесада да кейіпкердің өз елі табылды, елінің жусаны табылады. Пьесаны берді де өзі жоқ болып кетті. Астанада кездескенімізде «қазір режиссерлар кейде сөз қуып кетеді, бұл — әрекеттің қойылымы. Жаңа бір қозғалыс, жаңа бір музыкамен әрлесек» деді. Мен бірден Юрий Ханинго деген орыс режиссер бар дедім. «Орыс не түсінеді?» деп сұрақтың астына алды. Мен режиссерға аударып берсек, түсінетінін айттым. Сол пьеса әлі күнге дейін М. Әуезов атындағы драма театрында жүріп жатыр. Аз болғанда 15 жыл болды. Бұл пьесамен Қазақстанды аралап шықтық. Кореяға бардық. Пьесада актер Азамат Сатыбалды және тағы екі актерлар ойнайды. Пьесаның ұзақ жыл бойы жүруіне себеп болатын — адами процестер.

Автор адамды зерттеу мәселесімен, адамды түсінумен, адамның арманы, зұлымдығымен,

қорқақтығымен, адамның іштей батылдығымен ерекше. Рахымжанның қай пьесасын алса да барлығында көлемді мәселелер көтерілген. «Бас» пьесасын алып қарасақ, астарлы шындық, өкініш жатыр. Халқымыздың кейде сорлы халық болып көрінетін кездері болады. Қызмет бабында басын көтерген бір адамды Махаббетпен байланыстырып, шешімін тапты. Бұл — үлкен шығарма. Драматург бүгінгі болып жатқан жағдайды жазып, ертеңгі болатын оқиғаны білуі керек. Сол жағынан келгенде Рахымжан Отарбаев тарихи тақырыптарда кеңінен қалам тербеді. Соған қарама-қарсы бүгінгі күннің тақырыбын айтатын пьесасы бар. Америкадан келген келімсектер қазақ шалдың жерін тартып алады. Шалдың кемпіріне дейін күзетші етіп жұмыс істетеді. Америкалықтар өсіретін асыл тұқымды малға шалдың жалғыз бұқасы тиіскеніне қарсы шығып, барлығын тартып алғысы келеді. Бұл жерде де қазаққа тиесілі жер мәселесін көтереді. Рахымжан Отарбаев өз заманының заңғар тұлғасы. Театр тарихында да, әдебиет тарихында да есімі сақталатын кемеңгер жазушы.

